

4. Комментарий к Указу Президента Республики Казахстан «О Концепции развития системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009-2011 годы» от 19 августа 2008 года № 646 / Казахстанская правда. – 28. 08. 2008. – С 3.
5. Автономов А.С. Ювенальная юстиция: Учебное пособие. – М.: Российский благотворительный фонд «Нет алкоголизму и наркомании» (НАН), 2009. – 186с.
6. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» от 8 августа 2002 года № 345-ІІ. – Астана, 2002. – 32с.
7. Конвенция о правах ребенка. – Алматы: Юридическая литература, 2007. – 58с.
8. Мельникова Э.Б. Ювенальная юстиция: Проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминологии: Учебное пособие. – М.: Дело, 2000. – 272с. (Сер. «Российское право: теория и практика»).
9. Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций, касающиеся отправления правосудия в отношении несовершеннолетних (Пекинские правила). – Алматы, 2007. – 36с.
10. См. подробнее: Права ребенка. Сборник международных нормативных правовых актов. – Варшава, 1998. – 570с.
11. См., например: Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учебн. пособие для студ. высш. пед. учеб. Заведений. – 2-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 256с.
12. Жетписбаев Б.А., Айтпаева А.К. Концептуально-теоретические проблемы девиантного поведения и правовой социализации несовершеннолетних в Республике Казахстан. – Алматы, 2002. – 266с.
13. См. подробнее: Кон И.С. Психология ранней юности: Книга для учителя. - М.: Просвещение, 1989. – С. 253-254.
14. Садыков Т.С., Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы современного высшего образования. – Алматы, КазНПУ имени Абая, Институт психологии, 2006. 190с.
15. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. СПб.: Издательство «Питер», 2000. – 624с. – (Серия «Мастера психологии»).
16. Жетписбаев Г.А. Судебная медицина. – Алматы: Издательство «Нурпресс», 2011. – 287с.
17. См. подробнее: Белкин А.С. Основы возрастной педагогики: Учебное пособие для студентов высших педагогических заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 192с.
18. См. например: Подласый И.П. Педагогика начальной школы: Учебное пособие для студентов педагогических колледжей. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2000. – 400с.
19. Нарикбаев М.С. Правовая охрана детства в Республике Казахстан. – Алматы: РГЖИ «Дауир», 1996. – 336с.
20. См. подробнее: Жетписбаев Б.А., Бектенов О.А. Предупреждение административной деликтности несовершеннолетних: Учебное пособие. – Алматы: Юридическая литература, 2008. – 196с.
21. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях. – Алматы: Юридическая литература, 2012. – 420с.
22. Уголовный кодекс Республики Казахстан. – Алматы: Юридическая литература, 2012. – 264с.
23. Галимов О.Х. Малолетние лица в уголовном судопроизводстве. – СПб: Питер, 2001. – 224с.
24. Ескендиоров А.А. Ювенальная юстиция в Республике Казахстан: Учебник. – Алматы: ООНИ и РИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2011. – 272с.
25. СУ РСФСР. – 1920. - № 68. – Ст.308.
26. См. например: Карагусов Ф.С. Правовое положение коммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан. – Алматы, 2012. – 334с.

В научной работе рассматривается поэтапное внедрение и развитие ювенальной юстиции в Республике Казахстан. Также возрастные этапы развития и жизнедеятельности несовершеннолетних.

Автором сделан вывод о том, что «малолетние», в юридическом значении не относятся к категории «несовершеннолетних», а формируют собой специальную категорию субъектов правовых отношений с особым конституционно-правовым статусом.

Ғылыми жұмыста Қазақстан Республикасындағы ювенальдық юстицияның кезеңдік ену және даму сұрақтары қарастырылған. Сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмағандардың жасына сәйкес дамуының кезеңдері қарастырылады.

Автор «жасөспірімдер» «кәмелеттік жасқа толмағандар» категориясына жатпайтындығын және олар ерекше конституциялық-құқықтық мәртебеге ие арнайы субъектілер деген қорытындыға келеді.

Г.Ж. Кобегенова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1995 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ БОЙЫНША СОТ БИЛГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасы егемендігін жариялаған кезден бастап жүзеге асырыла бастаған саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер ұлттық құқықтық жүйенің, соның ішінде сот құрылымы мен сот ісін жүргізудің қалыптасуына жол ашты. Сол жылдардан бастап сот саласында мемлекеттік биліктің өз алдына дербес бір тармағы - сот билігінің қалыптасуына жол салған түбегейлі өзгерістер жүзеге асты.

1995 жылғы 30 тамызда жаппай халықтың дауыс беруімен (референдумда) экономикалық дамудың жаңа қазақстандық моделін дүниеге әкелген Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл Конституция халық мүддесіне арналған. «Халық» деген ұғым барлық ұлт өкілдері енетін әлеуметтік-саяси бір бүтін қағидат ретінде қабылданады [1].

Конституция – халықтың жалпы еркіндігін білдіретін, ең жоғары заңдық күші бар және әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-адамгершіліктің маңызды принциптері

бекітілген қоғам мен мемлекеттің негізгі Заңы. Қарапайым тілмен айтқанда, Конституция – қоғамдық-экономикалық, мемлекеттік құрылымның, сайлау жүйесінің, мемлекеттік органдардың қызметі мен ұйымдастыру қағидаттары және оның азаматтарының құқықтық ережелерін анықтап, бекітетін мемлекеттің негізгі Заңы. Бүгінде демократиялық принциптегі құқықтық мемлекетке айналу жолында қарқынмен жоғары өрлеп келе жатқан елімізге саяси дамудың жаңа бір белесіне көтерілу мүмкіндігі туды.

Тәуелсіздік жылдарында сот жүйесінің қалыптасуына жасалған талдау, оның қалыптасу серпіні мемлекеттің құқықтық жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын бағдарламалық құжаттардың қабылдануына байланысты болғанын көрсетеді. Әдетте мұндай құжаттарға мемлекеттік бағдарламалар, құқықтық саясат тұжырымдамалары жатады.

Тұтастай алғанда, егемен Қазақстанның сот жүйесі 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің қажетті кепілдіктерінің болуын қарастырды. Төрелік соттар жүйесі таратылып, олардың функциялары жалпы юрисдикция соттарына берілді.

Ал Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық заң күші бар Жарлығы соттар қызметінің негізгі қағидаларын, соның ішінде судьялардың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін айқындап берді. Бұл Жарлық еліміздегі сот жүйесін реформалау мәселесіндегі көп жылғы пікірталастың қорытындысы іспеттес болды [2].

Онда: судьяны құрметтемегені үшін жауапкершілік енгізу, судьяларға ешкімнің тиіспеуі, судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұрудың және тоқтатудың негіздерін орнықтыру, судьяның тәртіптік жауапкершілікке тартылу жағдайларынан басқа кезде мәні бойынша қаралған немесе өндірісінде тұрған істер бойынша қандай да бір түсініктеме беруге міндетті еместігі, судьяға соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге тыйым салу қарастырылды. Судьялардың заң жүзінде осындай мәртебеге ие болуы олардың тәуелсіздігін нығайтып, беделін бекітті. Азаматтардың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен лауазымды тұлғалардың заңға қайшы шешімдері мен іс-әрекеттерін сотта даулауға бет бұруы – сотқа деген сенімнің өсуін көрсетті. Жергілікті сот судьяларын ел Президентінің тағайындауы, Жоғарғы Соттың судьяларын Парламент Сенатының сайлауы енгізілді. Тарихта алғаш рет судьялар тұрақты мерзімге тағайындалды, бұл олардың тәуелсіздігінің кепілдігін анағұрлым күшейтті. Сонымен қатар, әділетті де бұлжымас сот шешімдерін шығаратын білікті, тәуелсіз судьялар корпусын қалыптастыру тетігі жасалды.

Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот-құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді [2].

Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалары біріктіріліп, әскери алқасы таратылды, мұның өзі іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай, сот ісін жүргізуді белгілі бір ізге түсіруге мүмкіндік берді. Судьялардың тек сот төрелігін жүзеге асыруын, сотқа тән емес қызметтермен соттардың айналыспауын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы” 2000 жылғы 12 қазандағы Жарлығымен Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) құрылып, соттардың қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету функциялары Әділет министрлігінен алынып, осы Комитетке берілді.

Комитет пен облыстардағы соттар әкімшілері ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық функцияларды орындай отырып, жергілікті соттардың жергілікті атқарушы билік органдарынан тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Оның негізі конституцияда бекітілген заңдылық принципі болып келеді.

Зандылық. Бұл қағида Конституцияның 78-бабында тұжырымдалған.

Негізінен 1993 жылғы Конституция құқықтық жүйенің қалыптасуына және қоғамда демократиялық үрдістердің дамуына маңызды ықпал етті.

1993 жылғы Ата Заңымызға аз-кем толықтырулар мен өзгертулер енгізілген болатын. Бұл өзгерістер күтпеген жерден бір күнде өзгерте салу емес, бұл ең алдымен қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси оң өзгерістерді сындарлы жүргізудің нәтижесі арқылы дүниеге келген межелі ойдың көрінісі. Халықтың құқықтық сауатының артуымен Конституцияны өзгертуді талап ететін демократиялық жаңаруды жүзеге асыру жайлы зиялы қауым өз пікірлерін білдірген болатын. Елдің жарқын болашаққа деген бағдарын көрсетіп берген, мемлекеттік басқару ісі тетіктерін нақтылаған бұл өзгертулер бүгіндері нәтижесін көрсете бастады.

Қоғамдағы өзгерістер соттарды айналып өтпегені ақиқат.

Шынында да Конституцияға енгізілген маңызды өзгерістердің бірі – сот жүйесін әлемдегі озық үлгілерге лайықты жетілдіру болатын. Заман талабына сай соттарды сапалы кадрлармен қамтамасыз ету кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Аталмыш өзгерістерге сәйкес Әділет біліктілік алқасы таратылып, оның міндеті Жоғарғы Сот Кеңесіне берілді.

Конституциялық өзгерістерге дейінгі жылдары аудандық және оған теңестірілген соттардың судьяларын тағайындау жөнінде Әділет біліктілік алқасының кепілдемесінің негізінде Әділет министрі, ал облыстық соттардың судьяларын тағайындау жөнінде ұсынысты Жоғарғы Сот Кеңесі жасап келген болса, ендігі жерде барлық деңгейдегі соттардың судьяларын тағайындауға ұсынысты Жоғарғы Сот Кеңесі жасап келеді. Бұл барлық деңгейдегі судьялардың бірдей мәртебеге ие болуына және сот жүйесін сапалы да білікті кадрлармен қамтамасыз етуге өз септігін тигізді.

Тұтқындау санкциясын беру конституциялық талаптар негізінде, соттардың қарауына берілген болатын. Бұл түбегейлі өзгеріс халықаралық стандарттар мен мемлекетіміздің халықаралық шарттар бойынша өзіне алған міндеттемелеріне сәйкес келді. Расында, әлемнің барлық дамыған елдерінде тұтқындауға санкцияны тек соттар ғана береді. Тұтқындау санкциясын прокуратура органынан алып, соттарға берілуінен не ұтамыз деген сауалға келетін болсақ, біз бірінші кезекте бұл мәселенің соттарда ашық және жариялы түрде қаралатынын айтуымыз керек. Сонымен қатар, қылмыс жасады деп сезіктелген адамды тұтқынға алу мәселесі сотта қаралған кезде айыптаушы жақ пен қорғаушы жақ сотқа қатысып, өздерінің осы мәселеге қатысты көзқарастарын білдіруге толық мүмкіндік алады. Біздің пікірімізше, бұл өз кезегінде заңсыз тұтқынға алу фактілерін болдырмауды және адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын іс жүзінде қамтамасыз етеді. Әрі азаматтардың сотқа деген сенімін одан сайын арттыра түсіп, әділдіктің мейлінше салтанат құруына жол ашады. Судьяның өкілеттігін талқылайтын болсақ тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіртілуі мүмкін. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3-тармақшасында белгіленген жағдайда, - Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады.

Республика соттарының судьяларына заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық және жалпы сот ісін жүргізудің соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі жоғарғы сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

Судьяның тәуелсіздігі. Конституцияның 77-бабы 1-бөліміне сәйкес «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады». Осы ереже ешбір өзгеріссіз ҚР ҚДЖК 22-бабы 1-бөлімінде ұсынылған:

- Адам мен азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғау қағидасы бойынша ҚР ҚДЖК-де салалық құқық бойынша әр түрлі бөлімде бекітілген Конституция ережелерін бекітетін кешенді сипаттама берілген. Осылайша «Адам және азамат» деп аталатын II бөлімде келесідей норма:

«Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» (Конституцияның 13-бабы 2-бөлімі) деген мәтінмен берілген.

Одан әрі «Соттар және сот төрелігі» деп аталатын VII бөлімінде (Конституцияның 77-бабы 3-бөлімі 3-тармақшасы) «Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды» деп көрсетілген. Жоғарыда келтірілген екі конституциялық ереже өзгертілмеген күйде ҚР ҚІЖК 12-бабының 1 және 2 бөліміне сәйкес өзгеріссіз бекітілген;

- Меншікке қол сұқпаушылық. Конституцияның 26-бабы 3-бөлімімен көрсетілген: «Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды». Осы ереже мәтіні тұспа-тұс ҚР ҚІЖК 18-бабының 1-бөлімінде бекітілген;

- Сот төрелігінің заң және сот алдында теңдігі бастауында жүзеге асыру.

«Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деген Конституциялық ереже өзінің мәтіндік көрінісінде ҚР ҚІЖК 21-бабының 2-бөлімімен көрініс тапқан.

Осылайша, сот билігінің қызметі әр кезде де конституциялық реттеудің аса маңызды саласы және құқықтық мемлекетті қалыптастыруға «белсенді» қатысушысы болып табылады. Ол мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөліну қағидасын жүзеге асыруға негізделі отырып, өзін солардың бірі ретінде ізгілік, әділеттілік, заңдылық сияқты адам үшін ең басты болып табылатын сот төрелігі қағидаларын жүзеге асыруды әрқашан да өзіне мақсат етіп қоюы қажет.

Міне, осылайша, жаңа тұрпатты сот жүйесін құру жөніндегі міндет бүгінгі таңда өз шешімін тауып, сот органдары елімізде заңдылық пен тәртіпті нығайту бағытында ауқымды жұмыстарды жүзеге асыруда.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, Жеті жарғы, 2005. – 44 б.

2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңы "Егеменді Қазақстан" 2000 жылғы 30 желтоқсан №333-334.

В данной статье рассматриваются сравнительный анализ конституционно-правовых аспектов судебной системы в Казахстане по Конституции 1995 года.

Н.Е. Ермаханбет

ӘКІМШІЛІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мемлекеттің ішкі саясатын тиісті деңгейде жүзеге асыруда заманауи бағыттарды кешенді түрде дамытуда ерекше саяси-құқықтық институт бұл мемлекеттік бақылау мен қадағалау бола отырып, мемлекеттік құрылымды, ең алдымен, оның әлеуметтік-экономикалық және саяси негізін қамтамасыз ететін тиісті фактор болып келеді. Елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуде мемлекеттік бақылау мен қадағалау маңызды қызмет болып табылады.

Энциклопедиялық әдебиеттер бақылау сөзін келесідей мазмұнда құруға мүмкіндік береді. В. Даль оны тіркеу, шеттеу, есеп беру деп түсіндіреді [1]. С.И. Ожегов В. Дальге керісінше – бақылауды тексеру жүргізумен немесе тексеру мақсатын сақтаумен байланыстырады [2]. Алайда заң басылымдар қарастырылып отырған түсініктерді келесідей мазмұндайды.

Біздің ойымызша, бақылауды екі бағытта, яғни басқарудың жалпы қызметі ретінде және әкімшілік-құқықтық реттеу саласында мемлекеттік тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық құрал ретінде айтуға болады.

Бақылау қызметі – басқарудың жалпы функциясы ретінде оны әрбір шешіммен байланыстырмай, шарттылық, даралық, мағынасы бойынша бір тектес және ерекше мақсаттылыққа ие қызмет түрі ретінде және олардың негізгі мақсатына қарамастан басқару органдарының барлығына тән болып келеді.

Басқарудың мәні мемлекеттік басқару сферасында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бекіту және нақты іске асыруды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік тәртіп – мемлекеттің және оның өкілетті органдарының тәртібі, ол бойынша барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар өздеріне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді дер кезінде және дәл орындауға тиіс. Заңдылық пен тәртіпті қолдау және нығайту міндеті жүктелген мемлекеттік органдардың ерекше жүйесі әрекет етеді. Заңдылық пен тәртіпті жүзеге асыратын әр түрлі құқықтық және ұйымдық қызметтерінің